



2025 жылғы 12 қарашадағы  
№ 680 шығыс хат

**Жамбыл облысы әкімдігі білім  
басқармасының оқу-  
әдістемелік орталығы**

«EduStream» халықаралық білім беру орталығы – «Express Publishing» халықаралық баспасының Қазақстан Республикасындағы ресми өкілі ретінде ұстаздарға әдістемелік қолдау көрсетуді жалғастырып келеді.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев тамыз конференциясында: «Мұғалімнің білікті болуы – өте маңызды мәселе. Жоғары оқу орнында алған біліммен шектеліп қалуға болмайтыны түсінікті. Озық ойлы шәкірт тәрбиелеу үшін ұстаздар ұдайы ізденіп, білімін жетілдіріп отыруы керек. Балалардың оқуға зейінін ашатын әдіс-тәсілдерді жетік меңгерген абзал», – деп атап өткен болатын.

Осыған байланысты ағымдағы жылғы қараша айында Жамбыл облысының бірнеше аудандарының ағылшын тілі мұғалімдеріне арналған оффлайн семинар жоспарлануда. Өткізілетін семинардың басты мақсаты ағылшын тілі мұғалімдерінің қалыптасқан кәсіби құзыреттілігін жетілдіру, ағылшын тілі пәніне арналған әдістемелік кешендерді тәжірибе жүзінде тиімді пайдалануына ықпал ету болып табылады.

Жоғарыдағы мәліметті ескере отырып, семинар туралы ақпаратты жеткізу және өткізілетін орны (база) бойынша ақпараттық қолдау көрсетуіңізді сұраймыз.

Өткізілетін орны мен мерзімі:

- ✓ Меркі – **18 қараша, сағат 10:00**
- ✓ Құлан – **18 қараша, сағат 13:00**
- ✓ Жамбыл ауданы – **25 қараша, сағат 10:30**

Семинар атауы: **«PRACTICAL WORKSHOP: HOW TO INTEGRATE DIGITAL RESOURCES INTO TEACHING WITH ENGLISH LANGUAGE 4 AND EXCEL 7».**

Формат: **ОФФЛАЙН, ТЕГІН (ақысыз)**

Мақсатты аудитория: ағылшын тілінен сабақ беретін мұғалімдер.

Іс-шара соңында қатысушыларға сертификат беріледі.

Байланыс телефондары: + 77017332173 Меруерт Кадырова

Құрметпен,  
ООО "EDU Stream"  
Бас директоры



Н.В. Мухамеджанова

ООО «EDU Stream Astana»  
БИН/ИИН: 200140022075  
Республика Казахстан  
г. Астана, район Есиль,  
проспект Мангилик Ел, д. 23

Банк: АО «Банк ЦентрКредит»  
БИК: КСJBKZKX  
ИИК: KZ598562203130393588  
Тел.: +7 (707) 120-30-64  
Email: edustream.astana@gmail.com